

аясында диссертациялық жұмыстар қорғала бастады; оныншыдан, бейвербалды амалдар мәселесі қазақ тіл білімінде әлі толық зерттеліп біткен жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
2. Момынова Б., Бейсембаева С. Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 136 б.
3. Тіл білімі сөздігі /жалпы ред. басқ. Э.Д.Сүлейменова/. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.
4. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері: пед. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы: 1996. – 417 б.
5. Кенжеқанова К.Қ. Саяси дискурстың прагмалингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша): филос. (PhD) докт. ... диссертациясы. – Алматы, 2015. – 187 б.
6. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Оқулық. Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 272 б.
7. Мұратова А.Н. Дыбыстық тілдің көмекші құралдары // ПМУ Хабаршысы. Филология сериясы. №2. – Павлодар, 2010. – Б.89-96.
8. Мағжан С. Ым тілі және табиғи тіл // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №1(135). – Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2012. – 356 б.
9. Языкознание: Большой энциклопедический словарь (Под ред. Ярцевой В.Н.). – Москва: «Большая Российская энциклопедия», 1998. – 685 с.
10. Бейсембаева С.Т. Паралингвистические и лексические средства выражения семантики умолчания в немецком языке // эл-Фараби ат. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2007. – №4. – Б.189.
11. Мұратова А.Н. Құпия түсіністің белгілер арқылы берілуі // Сөз және шеберлік: Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2014. – 262 б.
12. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Университеттер мен педагогика институттарының филология факультеттеріне арналған оқулық. Төртінші басылымы. – Алматы, 2002. – 663 б.

Исина Бақытжан Қапанқызы

Қарағанды қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі

КОНЦЕПТУАЛДЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ЖАҢА ИДЕЯ ТУЫНДАТУ НЕГІЗІНДЕ ЗЕРТТЕУШІЛІК-ЖОБАЛАУ ДАҒДЫСЫН ДАМУ

Абстракт

Тақырыбы: «Өзгеріс» концептісіне синектика әдісі мен Б.Лукас моделін кіріктіре қолдану 9-сынып оқушыларының коммуникативтік жағдаятқа сай идеяны айқындау және туындату негізінде зерттеушілік-жобалау дағдысын дамытуға қалай әсер етеді?

Зерттеу мақсаты: көркем және көркем емес мәтінді талдауды концептуалды оқыту арқылы жетілдіре отырып, коммуникативтік жағдаятқа сай идеяны айқындау және жаңа идея туындату негізінде оқушы танымын арттырып, зерттеушілік-жобалау дағдысын дамыту.

Зерттеу міндеті:

- идея туындатудағы ой дербестігін қамтамасыз ету, зерттеу-жобалау дағдысын дамыту;
- оқушының идеяны айқындау және туындату деңгейіне мониторинг жүргізу, зерделе ме жасай отырып бақылау;
- белгілі бір тақырып негізінде ақпаратты жоспарлап, өңдей алу біліктілігінің қалыптасуына жағдай жасау;
- түрлі өмірлік жағдаятта өз бетімен шешім қабылдау және әрекет жасау, өз тұжырымын дәйектеу және айналасымен өзара қарым-қатынас орнату, әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Маңыздылығы:

Концептіні негізгі тірек ете отырып, мәселені уақыт пен кеңістік аясында қарастырып, көркем және көркем емес мәтіндегі автор позициясы тұрғысынан идеяны айқындау және

жаңа идея туындату, оны өрбіту тұлғаның біртұтас дүниетанымын қалыптастыруға көмектеседі. Өйткені оқушылар өзге де пән бойынша меңгерген білімін пайдалана отырып, ғалам құндылығы туралы білімді, рухани мәдениетті біртұтас меңгереді. Детальді/ символды талдау, идея туындату арқылы зерттеу-жобалау дағдысы жетіледі.

Әдістеме: теориялық, әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық, экспериментальды-эмпирикалық, әдіснамалық, бақылау әдісі қолданылды.

Нәтижесі:

- идея, ұғым туындату негізінде тұжырым мен қорытынды шығарды;
- концептуалды оқытуды креативті ойлауды бағалау моделін, жобалау әдісін кіріктіре қолдану әдістемесі негізделді.

Қолданылуы: жалпы білім беретін мектептің және Назарбаев Зияткерлік мектебі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері қолдана алады.

Кілт сөздер: концептуалды оқыту, креативті ойлау моделі, идеяны айқындау, идея туындату, зерттеу-жобалау дағдысы, дамыту.

Тұлғаның ой-түсініктен терең ұғымға қарай бағытталуы түпкі мәнді жан-жақты пайымдауы мен дүниетанымының қалыптасып, жаңа идея туындатуына көмектеседі. Осы тұрғыда 9-сынып оқушылары зияткерлік қыры таныла бастаған, дарынды балалар болғанымен, көркем және көркем емес мәтіндегі автор позициясы тұрғысынан идеяны айқындау және тың идея туындатуда біршама қиындық байқалды. Оқушылардың арасындағы қарым-қатынас тапшылығынан идеяны үстірт қарастыру, дәлелдемесіз тұжырым шығару жиынтық бағалауда да олқылық байқала бастады. Ұлттық дүниетанымды қалыптастыру үшін детальді түрде талдау негізінде көркем шығарманы мақсатты түрде оқуға бағыттау арқылы ақиқат өмірмен байланыс орната отырып, зерттеуге үйрету қажеттілігі туындады. Осы қиындықты еңсеру үшін концептуалды оқыту әдісі таңдалып алынды және оны креативті ойлауды бағалау моделі және жобалау әдісімен кіріктіре қолдану арқылы жаңа идея туындату, өрбіту негізінде зерттеу-жобалық дағдысын дамыту мақсат етілді.

Бұл көркем және көркем емес мәтінді мақсатты түрде оқу әдебиетті оқу барысындағы мақсатты қарым-қатынасты орнату негізінде жүзеге асады. Көркем әдебиеттегі мәселені қарастырғанда тек кейіпкерлерге қатысты деректі ғана емес, оқушының белгілі бір орныққан концепті ұғымымен байланыс орнатуы маңызды. Ол концепті, әдетте біртұтас қабылданатын уақыт пен кеңістік аясында қарастырылып, көркем және көркем емес мәтіндегі автор позициясы тұрғысынан идеяны айқындау және жаңа идея туындату, оны өрбіту негіз бола алады. Өйткені оқушының ғалам туралы білімі белгілі бір деңгейде қалыптаса бастағандықтан, рухани мәдениетті меңгеру үшін детальді талдау арқылы өзге де пән бойынша меңгерген білімін пайдаланудың тиімділігі зор. Сондай-ақ көркем және көркем емес мәтіндегі түрлі коммуникативтік жағдаятты белгілі бір концепті аясында қарастыра отырып талдау оқушылардың автордың идеясының астарында жатқан концептілік жүйені тануына көмектеседі.

«Когнитивтік ғылымның басты мәселесі – адамның білімін жүйелеу. Адамның барлық танымдық әрекетіне дүниені тануға бағытталған бір дамушы үрдіс ретінде қарау керек, себебі бұл әрекет нысанның ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратудан басталады. Бұл әрекеттің нәтижесінде *концепт* қалыптасады. Концептіні анықтау үшін дүниенің кейбір ерекшелігі мен заттық құндылығы, олардың объектімен қатынасы, олардың қызметі мен оларға берілген ұжымдық сананың сипаты әрі бағасы айқындалуы қажет» [1]. Оқушылар өзгеріске ұшырап отыратын құндылыққа баға береді. Осы бағалау оқушылардың белгілі ұғымға қатысты түсінігінің ассоциациясы ретінде көрініс тапқан жағдайда жаңа идея туындатуға негіз болады. *Концепт* санада белгілі бір концептілік жүйе арқылы қалыптасады. *Концептілік жүйе* иерархиялы (сатылы) құрылымнан тұрады: 1) дүниенің қасиеті, белгісі (сенсорлы перцептивті қабылдау); 2) когнитивтік модель (ассоциация, бейне, символ, этикет, эталон, стереотип формаға ие болуы); 3) концепт типі (фрейм, сценарий, скрипт, схема,

ойсурет формасына салынуу); 4) дүниенің тілдік бейнесі (метафора, фразеологизм, сөз, сөйлем, поэтикалық мән)» [2].

Концептуалды оқытуды креативті ойлауды бағалау моделімен кіріктіре қолдану арқылы оқушылардың коммуникативтік жағдаятқа сай идеяны айқындау және жаңа идея туындату негізінде зерттеушілік-жобалау дағдысын дамыту кәсіби даму мақсатымен жұмыс жүргізілді. Осыған орай, «Дарынды балаларды дамыту» бағдарламасында көрсетілгендей [3], сабақты концептуалды оқытудың «Өзгеріс концептісі тұрғысынан және жаңа идея туындату үшін креативті ойлауды бағалау моделі тұрғысынан зерделеу көзделді. Аталмыш ҚДМ негізінде «Өзгеріс» концептісіне синектика әдісі мен Б.Лукас моделін кіріктіре қолдану 9-сынып оқушыларының коммуникативтік жағдаятқа сай идеяны айқындау және туындату негізінде зерттеушілік-жобалау дағдысын дамытуға қалай әсер етеді?» деген іс-әрекеттегі зерттеу жұмысы жүргізілді.

Күтілетін нәтиже:

- концептуалды оқыту әдісі арқылы көркем және көркем емес мәтінді талдауда оқушылардың уақыт пен кеңістік аясында жаңа байланыс орната отырып, білімін жүйелеу арқылы ұлттық дүниетанымын қалыптасады;

- кейіпкерлер болмысын, автор идеясын уақыт пен кеңістік аясында талдау, синтез, индукция, дедукция ұқсастық негізінде бейнелі көркем ойлау арқылы көркем бейне моделін ұсынады, бөлім соңында өнім шығарады.

Күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін іс-әрекеттегі зерттеу барысында қолданылған әдіс-тәсіл мынадай болды:

1. **Теориялық кезеңде** концептуалды оқыту мен креативті ойлауды бағалау моделіне қатысты зерттеу еңбектері: Абдрахманова А.Е. Көркем мәтіндегі концептілік жүйе; Ахметова С.Р., Мукажанова Н.С., Использование концептуального обучения на уроках «социальные науки»; <https://kerchtt.ru/kk/sinektika-forma-poiska-novyh-idei-s-pomoshchyu-analogii-analogiya-pryamaya/> «Синектика – аналогия арқылы жаңа идеяларды іздеудің бір түрі. Тікелей аналогия» мақаласы; Жанпейісова М.М. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде»; Қойлық Н.О., Каупенбаева С.М. «Оқу үрдісінде проблемалық оқытуды қолданудың тиімділігі» әдістемелік нұсқаулығы сараланды.

2. **Сауалнама алынды:** кіріс сауалнамасы және шығыс сауалнамасы 24 оқушыдан алынды; зерттеу жүргізу үшін рұқсат алынды; нәтижесі сараланды.

3. **Сұхбат жүргізілді:** оқушылар, әріптестер.

4. **Әрекет:** концептуалды оқыту негізінде жұмыс 3 кезең бойынша негізделді: 1) «Проблеманы айқындау»/ «Тұжырымдамалық кестемен» жұмыс (жеке/ жұппен/ топпен). 2) «Проблеманы шешу»/жұптық жұмыс (талқылау). 3) «Проблема шешімін қолдану»/ Модель ұсыну (жеке/жұптық/топтық талқылау нәтижесіндегі өнім).

5. **Зерттеудің әр кезеңі бойынша талдау және бағалау жүргізілді.**

6. **Зерттеудің әр кезеңінде талқылау және рефлексия.**

AR тиімділігін зерделеу үшін кіріс сауалнамасы жүргізілді: «Бөлім бойынша бір мәселені зерттеу нәтижесінде өнім ұсыну қызықтыра ма?» дегенге 18 оқушы «Иә, қызықтырады»; «Сіз зерттеу нәтижесінің өнімін қандай болғанын қалар едіңіз?» сауалына 12 оқушы «шағын жоба» түрінде алу, 6 оқушы «бейнематериал»; «Сізге жобалау жұмысын қалай жүргізген ұнайды?» деген сұраққа 16 оқушы «жұппен», 2 оқушы «жеке»; 3 оқушы «топпен»; «Жаңа идея туындатуға машықтану Сіздің қандай дағдыңызды жетілдіре түседі деп ойлайсыз? деген сұраққа 9 оқушы «Туындаған мәселені мүмкіндікке айналдыруға көмектеседі»; 4 оқушы «Көздеген мақсатқа жетуге көмектеседі»; 10 оқушы «Жағдаяттың бірегей шешімін ұсынуға көмектеседі» деп жауап берді.

Әдіснамалық ерекшелігі:

- оқушыны тақырып бойынша қайшылыққа әкеліп, оны шешудің жолын табуды ұсыну;
- құбылысты әр түрлі позициядан қарастыруды тапсыру;

• ұқсастық пен қайшылықты өз бетімен салыстыруға, қорытуға, түйіндеуге жағдай туғызу;

- нақты сұрақтар қою;
- нақты тапсырма ұсыну қарастырылды.

Іс-әрекеттегі зерттеу негізінде жүргізілген сабақ сериясының үшінші сабағы талдауға өзек ретінде алынды. Сабаққа іріктелген оқу мақсаттары концептуалды оқыту әдісімен және креативті ойлау моделі бойынша «Синектика», Б.Лукас моделімен кіріктіріле қарастырылды. Таңдалған «Өзгеріс» концептісінің тиімділігі ақиқат болмыстағы бар зат пен құбылыс, алуан түрлі объекті туралы білетінінің, ой-қиялындағы көрінісінің бәрін қамтитындықтан [4], оқушылар тарих, география пәндерімен қоса, өзіндік танымын, ұлттық дүниетанымын да көрсете алады. Детальді ақпаратты мақсатты түрде іріктейді, зерттеп оқиды, талдап, бағалайды, зерттеу жүргізіп, аргумент жинақтайды, осы дайындық негізінде жаңа идея туындата алады. Анықталған детальді өзгеріс ұғымымен байланыстырып, уақыт кеңістігінде қарай отырып, мәселелік сұрақ туындатады. Ал креативті ойлау моделі негізінде «синектика», Б.Лукас моделін кіріктіру арқылы осы сұрақтар негізінде жаңа идея (*идеяны ұйқасқа құру арқылы тұжырымды ой айту*) туындатып, оны метафоралық қолданыспен ассоциация туғызып, идеяны өрбітіп жазу арқылы автор бейнесі мен кейіпкер сипатының моделін шығару, бөлім соңында оқушының өз өнімін ұсынуы тиімді жүзеге асырылады деп болжанды.

Концептуалды оқытуды қолдану өзге пәндермен күрделі байланыс орнатып, жаңа идея туындатып, дүниетанымын кеңейтіп, зияткерлік қабілетін, зерттеушілік дағдысын дамытады деп болжанды.

9-сыныптағы зерттеу сабақтары «Тарихи шындық пен көркемдік шешім тағылымы» бөлімі бойынша І.Есенберлиннің «Қаһар» романындағы Кенесары бейнесі, Джек Лондонның «Әйел қырық жанды» әңгімесіндегі кейіпкерлер бейнесі» тақырыптары негізінде өткізілді. Қарастырылған оқу мақсаты:

9.А/И1. Көркем шығармадағы детальдің маңыздылығын талдау.

9.А/И4. Шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу.

9.Б/С1. Шығарма стилі арқылы тарихи, көркемдік құндылығын бағалау [5].

Сабақтың мақсаты: «Көркем шығармадағы кейіпкерлерге қатысты детальдің (*символдың*) маңыздылығын талдау негізінде жекелеген әлеуметтік топтың қажеттілігін анықтау және бағалау арқылы осы топтардың мүддесіне сай өзгеріс енгізіп, жаңа идея ұсыну»

AR-ді жүзеге асыруда оқытудың эвристикалық әдісі қолданылып, әзірленген бағалау құралы оқушылардың зерттеушілік, жобалау дағдысын дамытуға қызмет етеді деп бағаланды. Құрастырылған тапсырма жүйесі мен бағалау құралын қарастыра кетейік.

1-тапсырма

1. Үзіндіден кейіпкер сипатын ашатын 1 маңызды детальді / символдық қолданысты анықтаңыз.

2. Анықталған детальді өзгеріс ұғымымен (*уақыт: кеше, бүгін, болашақ*) байланыстырып, 3-4 мәселелік сұрақ құрастырып жазыңыз.

3.

Анықталған деталь	Өзгеріс (<i>уақыт</i> <i>кеңістігі</i>)	Құрастырған сұрақтары
	Кеше	
	Бүгін	
	Болашақ	

2-тапсырма

Төменде берілген үзінді бойынша анықталған детальге қатысты метафоралық модельдеу жүргізіңіз.

1. Анықталған детальдің/ символдың идеяда алатын маңызына түсініктеме беріңіз.
2. 2-3 түрлі идея туындатыңыз.
3. Идеяны салыстыру арқылы 1 сөйлеммен жаңа тұжырым шығарыңыз.
4. Модельге қатысты түрлі метафораны қолданыңыз. Мағынасы бір-біріне қарама-қарсы екі сөзбен маңызды детальге (*кейіпкерге*) анықтама беріңіз. (Мысалы: *Тамұқтағы жұмақ. Құпияның жариясы, сын есім мен зат есімнің тіркесі түрінде беру*)
5. Өзгеріс ұғымы тұрғысынан саралап, метафоралық модельге қатысты 1 жаңа идея шығарыңыз, идеяны дамытып, кейіпкердің құндылық моделін әзірлеңіз, жоба ұсыныңыз.

Дескриптор:

- анықталған детальдің/символдың маңызын анықтайды.
- 2-3 түрлі идея туындатады.
- идеяны салыстыру негізінде 1 сөйлеммен жаңа тұжырым шығарады.
- модельді түрлі метафора қолданып байқайды/ қателік әдісімен орындайды.
- метафоралық модельге қатысты 1 жаңа идея туындатады, дамытып жазады.

Негіздеме	2-3 түрлі идея туындатыңыз	Идеяны салыстыру негізінде 1 сөйлеммен тұжырым шығарыңыз	Метафоралық модель ұсыныңыз
Метафоралық модельдеуден туындаған 1 жаңа идеяны дамытып жазыңыз.			

«Синектика» әдісі

«Жеке балама» – ойлап табылған объектінің рөліне еніп, бір кейіпкердің басындағы проблемаға қатысты мәселенің шешімін креативті ұсыныңыз. Мәселені «Өзгеріс» концептісі негізінде «КЕШЕ. БҮГІН. ЕРТЕҢ» деген уақыт кеңістігі тұрғысынан қарастыруды ескеріңіз.

Бір кейіпкердің рөліне еніңіз.	Басындағы проблемаға қатысты мәселенің бірегей шешімін ұсыныңыз.	Шешімді «Өзгеріс» концептісі негізінде «КЕШЕ. БҮГІН. ЕРТЕҢ» деген уақыт кеңістігі тұрғысынан қарастырыңыз.	Әр өзгеріске қатысты идея шығарып, түрлі жанрда (<i>монолог, күнделік, қойылым т.б.</i>) ұсыныңыз.

Концептуалды оқыту әдісі арқылы көркем және көркем емес мәтінді талдауда оқушылардың уақыт пен кеңістік аясында жаңа байланыс орната отырып, білімін жүйелеу арқылы біртұтас дүниетанымын қалыптастыру мақсатында тапсырмалар жүйесі, бөлімді тұтас модуль ретінде қарай отырып, оқушыларға бөлім соңында шағын жобалау жұмысына шығатындай зерттеушілік сипаттағы нақты тапсырма ұсынылды.

Метафоралық модельдеудегі оқушы жауабын саралайтын болсақ, «Қаһар» романындағы Кенесары өзінің баласы Сыздықтың кездікке құлауын талап етіп, Жүсіптің көзінше сынауына қатысты үзінді бойынша метафоралық модельдеуде «Қызған кездегі соғылған

темір», «Тағылым – тал бесіктен» деген тұжырым ұсынып, әкенің баласын шындау мақсатындағы қатал тәрбиесіне оң баға береді.

Кенесарының түсінде өзін бассыз көруіне қатысты шығарма үзіндісінде «Халықтың күші – оның бірлігінде», « Көшбасшының болмауы – шайқастың тоқырауы» , «Ұрпақтың адал болмауы – халық қасіреті»; уақыт кеңістігіне қатысты идея туындатуда «Мөлдір бұлақтың дарияға айналмауы – Ресей отаршылдығының кесірі», «Еліміздің дария болуы – болашақтың үміті» осы негізде болашаққа қатысты метафоралық модельдеуде «Қазақ – еркін ұшқан қыран»; «Ел билігінде тәсілқой, білікті һәм білімді адам отыруы қажет» осы идеялар бойынша метафоралық модельдеуде Кенесарыны «Жаралы жолбарыс», «Панасыз қамқоршы», «Тәсілқой көшбасшы», «Лай судағы алтын балық»деп бағалап, осы тұжырымына бірнеше дәлел ұсынды.

AR тиімділігін анықтау мақсатында шығыс сауалнамасы алынды: «Мәселені уақыт кеңістігінде талқылап, идея шығару Сіз үшін қаншалықты маңызды болды?» дегенге 25%-ы «Автор идеясын түсінгендіктен жеңіл болды»; 40%-ы «Идея туындатуда автордың ойына тәуелсіз құрастыруға мүмкіндік алдым»; 35%-ы «Көркемдік танымды тарихи дерекпен байланыс орнату арқылы түсінік қалыптастыра алдым»; «Идея туындатуда қай дағдыңызды жетілдіру керек деп ойлайсыз?» сауалына 70%-ы «идея шығаруда ойды жинақы ұйқасқа құрып, мақал-мәтел сияқты тұжырымды ұсыну», 12 % оқушы «мақал-мәтелмен тұжырымдау», 18% «идея арқылы шешім ұсыну». Сауалнама нәтижесі шығарылды, идея шығаруда ойды ұйқасқа құруға, мақал-мәтел сияқты ұйқасты, жүйелі, жинақы ұсынуға бағыттауға көбірек мән беру керек деген тұжырым шығарылды.

Қорыта келгенде, оқушының идеяны айқындау және туындату деңгейі біршама жетілді, белгілі бір тақырып негізінде ақпаратты жоспарлап, өңдей алу біліктілігінің қалыптасуына жағдай жасалды. Концептуалды оқытуды өзге әдістермен кіріктіре қолдану оқушылардың идея туындату мүмкіндігін ашуына, ойды тұжырымды жеткізу жолында ізденіске жетеледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Абдрахманова А.Е. Көркем мәтіндегі концептілік жүйе. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы (пәнаралық) = Вестник науки Казахского агротехнического университета им. С.Сейфуллина (междисциплинарный). – 2015. - №1 (84). – Б. 39-44.
2. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері. Фил. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2006. – 125 б.
3. ДББҰ Назарбаев Зияткерлік мектебі «Программа развитие одаренности детей». - Астана, 2013. – 531 б.
4. https://massaget.kz/mangilik_el/top_tamyir/asyil_soz/64288/ Концептінің құрылымы.
5. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme «Қазақ әдебиеті» (Т1) пәні бойынша оқу бағдарламасы, Негізгі мектеп (6-10-сыныптар), Нұр-Сұлтан, 2019.
6. Жанпейісова М. М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002.
7. Қойлық Н. О., Каупенбаева С.М. Оқу үрдісінде проблемалық оқытуды қолданудың тиімділігі. Әдістемелік нұсқаулық. – Алматы, «Өрлеу» БАҰО, 2019. – 38 б.
8. <https://kerchtt.ru/kk/sinektika-forma-poiska-novyh-idei-s-pomoshchyu-analogii-analogiya-pryamaya/> «Синектика – аналогия арқылы жана идеяларды іздеудің бір түрі. Тікелей аналогия».

Қаппасова Әйгерім

Филология факультетінің 4-курс студенті
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Ғылыми жетекші:
ф.ғ.к., профессор ассистенті Саменова С.Н.

КЕЙБІР ТУЫСТЫҚ АТАУЛАРДЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰЯСЫ

Қазақ тілінің сөздік қорынан ауқымды орын алатын сөздердің бір тобы – туыстық атаулар. Осы туыстық қазақы атаулар арқылы қазақ тілінің сөз байлығының мол екендігі таныла түседі. Жалпы алғанда туыстық атауларды шартты түрде бір отбасындағы туыстық